

егемен

Архитектур

## Бақытжанның бес биігі

Бақытжан – сан қырлы талант иесі. Ол – ақын, аудармашы, журналист, көсемсөз шебері. Бұл тұтастай алғанда бір қыры болып есептелсе, екінші жағынан ол – ғалым. Ғалым болғанда екінің бірі еншілей бермейтін, соқпағы мол, соны жол – энергетика ілімі. Өзі Алматыдағы Қазақ политехникалық институтының энергетика факультетін тәмамдаған. Алғыр жігіт қыр-сыры қат-қабат, түйіні мол техникалық ғылымды тез менгеріп кетті. Осы салада өзінің алдында тұрган арыс ағалары Қ. Сәтбаев, Ә. Марғұлан, Е. Бекетов, Ш.Шекин, Ш.Есенов, А.Машанов сынды тұлғалардың тағылымды жолын жалғастыруға білік-білімін аямай жұмсады. Өзі де осы тарихи тұлғаларды терең зерттеп, кейіннен ғылыми эссeler жазып, ғылыми еңбекке журналистік тағылымын тоғыстыруды. Содан бастап, оның бойындағы қаламгерлік қабілет ғылыми еңбектердің дүниеге келуіне түрткі болып, ол ғалымдық пен ақындықты қатар алып жүретін қастерлі жолға біржола бет бүрді. Бұған оның оку-біліммен ұштасқан өндіріс саласындағы еңбек жолы түбегейлі әсер етті. Институтты тәмамдағаннан кейін ол өмір жолын өндіріске жалғап, алғашқы қадамын Өскемен жылу электр орталығынан бастады.

1970-жылдардың аяқ шенінде Бақытжан Ошақбайұлы Қазақтың Энергетика ғылыми-зерттеу институтына (қазір академик Ш.Шекин атындағы) шақырылып, жас маман өзінің бойда бар күш-жігерін бірыңғай ғылым жолына сарп етті. Сол жылдары ол Алматы темір жол институтында жылу энергетикасынан дәріс беріп, плазма техникасы мен ауа ағындарының аэродинамикасын зерттеп, бірнеше ғылыми мақалалар жазды. Соның нәтижесінде плазмотрондарды іске қосып, олардың жана буындары бойынша тың жетістіктерге қол жеткізуға жол ашты, өндірісте игілікке жаратуға барынша ықпал етті. Осы жемісті еңбегі үшін Б.Тобаяқов 1986 жылы «КСРО өнертапқышы» атағына ие болды.

Соңғы жылдардың өзінде жиырмадан астам жыр жинағын шығарған Бақытжан ақынның шығармаларын оқи отырып, оның әлі талай биік қыырға қанат қағатын қарымын байқадық. Оның кейінгі кітаптарының бірі – Астанадағы «Фолиант» баспасынан шыққан «Жеті жүрт» деп аталады. Енді көп кітапдардың ішінен осы бір кітапқа талдау жасап көрелікші.

Бала жастан,

Жазмышқа қарамастан,

Тағдыр желі алысқа ала қашқан.

Өлең сіңіп қаныма ана сүтпен,

Жаздым жырды балауса, дара дастан.

...Сыр үзілмес, ежелден су сүзілмес,

От жақпасаң қазаннан бу түзілмес.

Қанмен жазбай,

Күр босқа мәз боп жазсан,

Мандайына жырыңың ту тігілмес.

Осы шумактардың мәні де, мағынасы да, мәтіні де басқалардан мүлде бөлек ой тербейді. Өзінің мамандығына, оқу-біліміне орай бөлек бітім байқатады. «Сыр үзілмес, ежелден су сүзілмес», «От жақпасаң қазаннан бу түзілмес»-ті айту үшін ақыл-парасаттың сыртында кемел ой керек. «Бу түзілмес» сөзінде де бір сыр бар. Тіпті осы тіркестің өзінде ғылымға, білімге жақын ой түзіліп тұрған жок па? Бұл арада да Бақытжан ешкімге ұқсап тұрған жок. Әлдекімдей сөз қуып шешенсіп тұрған жок, өзінше философиялық пайым танытып, бөлек парқын байқатады. Бір жақсысы, Бақытжанда мұндай ой өрнегіне жетелеген жырлар молынан барышылық. Мұны Бақытжанның ақындық жолының бір қыры деп бағамдауымыз керек.

Бақытжанның ақындықтағы тағы бір қыры, алған бір биігі – оның аудармашылығы. Оның аудармаларын сөз қылып талдау үшін біраз қағаздың бетіне бағалы сөзінді, пәтуалы ойынды өрнектеуің керек. Ол өзінше бір тақырып, өзінше бір тарау болып табылары хақ. Алайда, біз Бақытжанның қазақ оқырманына ұсынған ауқымды аудармаларының басты тақырыптарынғана тізімдеп өтуді жөн көрдік.

Мәселен, оның орыс ақыны А.Сумароковтан аударған «Бұлғын тон» өлеңіне көз жіберіп көрейікші:

Байлыққа не жетсін,

Дәuletке не жетсін,

Оған мастанғандар болды ғой ерек шын.

Көріп едім бұлғын тонды жамылған,

Өз-өзінен ыңыранған, тарылған.

Өркөкірек сол пендеміз әлден кем,

Даладағы өріп жүрген малмен тең.

Мал емей енді немене,

Адамға оны тәсеме!

Осы шағын аудармадан-ақ ақынның ауқымы айқын аңғарылады. Тіпті жыр жолдары бүгінгі заманғы байшыкештерді мензейді. Егер тұпнұсқамен салыстыра отырып талдаса, окушы аудармашы шеберлігіне тәнті болар еді.

Б. Тобаяқовтың аударма саласындағы еңбегінің ең бір ауқымдыларының санатына оның италиялық классик жазушы Альберто Моравианың «Нэресте» атты новелласы айрықша айтуға тұрарлық.

Бақытжанның үшінші айрықша қыры, яғни осынау алпыс жасына дейін алған тағы бір асуы – оның публицистикасы, маңызды да, мәнді мақалалары. Оның мақалаларының негізгі мәтіні – ғылыми негізdemede жатыр. Мәселен, оның «Сэтбаев жазған Алгебра», «Тенге – ұлттық валютамыздың атауы», «Энергияның қай түріне көшкен жөн?», «Энергетиканы еселей дамыту – ел назарында», «Энергияға зәрулік азая ма?» деген терең танымдық мақалалары тек Бақытжан сынды білікті маманның қолынан келетін, қуатты қаламынан шығатын туындылар екеніне көз жеткізіп, тәнті боласың.

Бақытжанның тағы бір – төртінші қыры, оның ән мәтініне әуестігі. «Әуестігі» деген бергі сөз. Мәтінде, ол ән мәтінін осы күнгі елге белгілі болып жүрген біраз ақындардан дараланып тұрғанын айта кетуіміз керек. Кейбір мәтіншілер секілді құрғақ сөз құрсауында қалмай, ойлы, өрнекті сөз тіркестерін ән-әуенге лайықты әдемі әдіптеиді. Мысалы, әнге арналған «Наурыз» атты өлеңін былай түйіндейді:

Ренжіспей мынау жалған фәниде,

Өмір сұрсек – сол ғой бақыт, әрине.

Биыл да бұл ағарғаны мол болып,

Құт әкелсін Әз Наурыз әр үйге!

Бақытжанның бесінші биігі – қайраткерлігі. Б. Тобаяқовтың қайраткерлік қыры ол осы Астанаға көшіп келіп, табан тірегеннен кейін арна тартты деп айтсам артық емес. Ол Астанаға келе сала елорданың тағдырына байланысты талай-талай тағылымды, тартысты пікірталастарға қатысып, ол ортада өзінің пәтуалы сөздерін айтудан жалықпады. Әсіресе, оның қоғам қайраткері, саясаттанушы Сайлау Батыршаұлымен бірігіп атқарған келелі істерін тілге тиек етуге тұра келеді. Соның нәтижесінде ол «Астана қалалық мемлекеттік тіл қозғалысына» қолғабыс ете жүріп, қыруар істерді белсенді атқаруға айрықша үлес қосты. Ана тіліміздің дамуына, өркендеуіне, ілгері басуына жанқиярлық танытты.

Мен Бақытжанның өмірі мен шығармашылығының бес түйінін, бес биігін баян еттім. Алайда, оның шығармашылық жолында әлі талай биіктерді бағындыра алатынына күмәніміз жоқ.

Серік ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ,

ақын, Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері, халықаралық Алаш сыйлығының лауреаты